Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет 09.00-11.30	**1.Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Наурыз мейрамы»** **І.Психологиялық сәт** Балалар, терезеден күн нұрын төгіп тұр екен. Күн	**1.Математика.** **Тақырыбы:** Логикалық ойлауды дамыту. **Қызығушылықты ояту.** Бүгін бізде ерекше күн. Мен сізге тосын сый дайындадым, бірақ	**1.Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** . **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Ұлттық киім мен әшекейлер» **Миға шабуыл** **Дид ойын: «Кім**		

	көзінен қуат алып, бір – бірімізге жақсы сөздер айтайық. **2. Ой дамыту.АҚТ технол Мнемотехника әдісі арқылы «Көктем» мезгілін сипаттау**. Балалар қазір қандай мезгіл? Көктем мезгілінде келгенде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды? Көктем мезгілінде болатын мерекелерге тоқталу. **2.Ой дамыту.** **Наурыз туралы түсінік беру.** Мал төлдеп, табиғат оянатын кез. -Ата-бабамыз осы мерекені ауыл-ауылда тойлап, қазақтың ұлттық ойындары ойналады. Қазақтың кең дастарқаны жайылады.Қазақтың ұлттық киімдері киіледі. Алтыбақан, той-думан болады. Жеті тағамнан жасалатын наурыз көже пісіріледі. - Бір тал кесең, он тал ек-дескен қариялар бұлақ басына тал егеді Міне, Наурыз мерекесінің ерекшелігі осылар. **Сергіту сәті.** **Дид ойын «Наурыз деген**	сендер барлық сынақтардан өтсеңдер ғана оны таба аласыңдар. **1 тапсырма:** **Дид ойын: «Жыл мезгілдері»** - Балалар, жыл мезгілдерін атаңдар. -Қазір қай мезгіл? **көктем** Көктемді қандай сөздермен сипаттауға болады? (жылы, шуақты, жаңбырлы, бұлтты, көптен күткен, әдемі, хош иісті, гүлденген - Қазір қай ай? (мамыр). -Бір жылда неше ай? (12). - Аты ретімен. -Көктем айларын атаңдар. - Бір аптада неше күн бар? (Жеті). -Бүгін қай күн? - Аптаның күндерін ретімен көрсетіңіз. Сіз тәуліктің қандай бөліктерін білесіз? - Тәулік бөліктерін ретімен ата. Жарайсың! **2-тапсырма:** **Дид ойын:«Көршілерді ата»** Үстелде парақтар	**тапқыр?»** **Шарты:** Киімдер туралы берілген жұмбақты шапшаң шеше білу **Қызығушылықты ояту АҚТ технологиясымен** **Тосын сәт.** Қуыршақ Айгүл келеді. Балаларды ұлттық киімдер көрмесінен тамашалауға шақырады. **-**Айтыңдаршы,балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер? Бұл көрмеде әртүрлі ұлттардың киімдері бар екен. Қандай киімдер көріп тұрсыңдар? **Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз. **Дид ойын. «Кімнің заты ажырат»** **Шарты:**Әйел адамдарға арналған заттарды қызыл түспен, ер адамдарға арналған заттарды көк түспен бойды. **Қорытынды.** Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы**: **Сөйлем** **Қызығушылықты ояту**		

	не?» -Күн мен түн теңеледі- Ренжіскен адамдар достасады -7 түрлі дәмнен Наурыз көже дайындайды Ұлттық ойындар ойналады. -Ешкіммен ренжіспейді;- Жаман сөздер айтпайды; -Жаман қылықтар көрсетпейді. **Қортынды** **Қим ойын «Тақия тастамақ»** Ұоқ қорытындылау. Балаларды мадақтау **3.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Әдемі қазақ үй **Ой шақыру.** −Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?(көктем) -көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды? Көктемде қандай мейрам болады? Наурыз мерекесінде қандай мейрам болады? Балалар олай болса киіз үйдің суретін Тамашалайық. **АКТ технологиясы.** Слайд. Киіз үйдің суретін көрсетіп, таныстыру. Неліктен «Киіз үй» деп аталатынын түсіндіру. Киіз	бар, оларға сан жазылған, ойланып, жанындағы сандарды айту. - реттік санау және кері санау (1-ден 10-ға дейін; 10-нан 1-ге дейін). 1 бала – реттік санау, 2 бала кері санау. **4 тапсырма:** **Дид ойын: «Геометриялық фигуралар»** - Жапырақтарды төңкеріңдер, айтыңдаршы онда не бейнеленген? -Ал дәл анықтау үшін нүктелерді қосып, геометриялық фигураларды байланыстырайық. Геометриялық фигуралар атауын бекіту. Тағы қандай геометриялық фигураларды білесіңдер? (ромб, трапеция). **5 тапсырма:** -Енді есептерді шығарайық. Мұқият тыңдау. 1) Балаларда жеті кішкентай марғау бар, барлығы ет жейді, ал біреуі қаймақ сұрайды.	**Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру** Өзі сондай нәзік, Су құйсақ кетеді. Алақанын жазып. Бұл не болды, балалар? **Гүл**. суретін көрсету. -Осы гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айтайық. Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі. Бақ. осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айту. Балалар, біз бүгін сендермен сөйлем туралы түсініп, оның қалай жасалатынын үйренеміз. -Гүл қайда өседі? - Гүл қандай? - Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық. — Далада әдемі гүл өседі. — Сөздер бірігіп белгілі аяқталған ойды білдіреді. Сөйлем төрт сөзден құралып тұр. Сөйлемде сөздер бір-бірімен байланысып тұр. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Бой жазайық бәріміз. Мойнымызды бұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяқтарын топ-топ басып, Орнымызға барамыз.		

	үйдің бөліктерімен таныстыру. **Сергіту сәті:** Дөңгеленіп тұрайық, Керегені қарайық Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. **Дид ойын: «Бөлігін ата»** **Шарты:** киіз үй бөлігін атау. **Тосын сәт.** Айсұлу қонаққа келеді. Айсұлу:Балалар көктем болса келіп қалды,Наурыз мейрамы жақындап қалды. Маған киіз үй керек еді,киіз үй құрап беруге көмек сұрай келдім. Балалар Айсұлуға көмектесеміз бе? **Дид ойын: «Киіз үй»** **Шарты:** Қиынды суреттерден киіз үй құрастыру. **Айсұлу балаларға көмектеріне көп рахмет айтып қоштасады.** **Қорытынды.** Өлең жолдары арқылы ұоқ қортындылау. **Шаңырақ.<u>Серік Әкірамұлы</u>** Киіз үйге кіргенде, Бәрі басын иеді. Оның сыры білгенге, Шаңырақ қой киелі. Кереге, уық ғажап тым,	Қанша марғау? (сегіз). -8 санын қалай білдің? (Жетіге бірді қосқанда сегіз шығады) 2) «Төрт қозы шөпте жатыр, ал екі қой үйге жүгірді. 3) «Қажетті белгіні қойыңыз»>; <; = (тақтада жұмыс). 3 5; 6 4; 7 7. **6- тапсырма:** «Жұмбақтар – жұмбақтар» ойыны. 1) «Жазда қарағай мен қайың арасында жолсыз қаңғып жүреді, Ал қыста аяздан мұрнын тығып, орада ұйықтайды. **(аю).** 2) Азулы тісті, Елді аңдыған. Ол нені іздеп жүр? **(қасқыр).** 3) «Қозы да емес, мысық та емес, Жыл бойы тон киеді. Жүні сұр – жазда, қыста – ақ түсті басқа. **(қоян)** 4) Құйрығы үлпілдек, жүні алтын. Ауылдан тауық ұрлайды. **(түлкі).** – Ал мына жануарлардың бәрін бір сөзбен қалай атауға	**Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »** **Шарты:** Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойла **Балаларды топқа бөлу.** **Дид ойын: «Гүлдер әлемі»** **Шарты:** Әр топ өзіне берілген гүлдерді құрастырып, дыбыстық талдау жасайды. **1 топ: «Бәйшешек» гүлі** **2 топ: «Қызғалдақ» гүлі** **3 топ: «Раушан» гүлі** **Қорытындылау.** Балаларды мадақтау. Жұлдызша беру. **4.Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Ұлттық өнер **Қызығушылықтарын ояту.** **Білмеспек келеді.** Мен барлық балалар сияқты өнерлі болғым келеді. Наурызда ұлттық аспаптырмен өлең айтқым келеді.Мен ұлттық аспаптарды білмеймін. -Сол үшін достарымнан көмек сұрай келдім. Балалар көмектесеміз ба? **АКТ технологиясы** **Слайд.** Ұлттық аспаптар. **Домбыра, қобыз,**		

	Кестелі ою өң береді. Киіз үйі қазақтың, Жер шарындай дөңгелек. **Балаларды мадақтау.** **4.Қоршаған орта** **Тақырыбы: Көктем** **Қызығушылықты ояту.** Балалар, бүгін біздің топқа посылка келді. Онда не бар екенін білгілерің келе ме? Балалар: Иә. **Тәрбиеші:** Енді ашып, ішінде не бар екенін білейік. Педагог пакетті ашып, қораптан жапырақшалары жабық гүлді шығарады. Балалар, міне, тағы бір жазба. Педагог жазбаны ашып оқиды Сәлем балалар, қатты мұңайып, көктемді асыға күтемін, бірақ ол әлі келмеді. Көктемнің жолын табуға көмектесіңдерші. Бұл қар бүршігі. **Балалар Ақшақарға жапырақшаларды ашуға көмектесе ме?** **1-Жапырақшаның тапсырмасы.** **Дид ойын: «Суреттерді жина»** Қыс пен көктемнің бір-бірімен суреттері араласып кетті, суретті жинау керек. **2 - Жапырақшаның**	болады? **(жабайы жануарлар).** **7- тапсырма:** Сізде қағазға сызылған тұсқағаз бар, жұмбақты тыңдаңыз: Азу тісім ауырды, Жатып қалдым бүк түсіп. Тауыстым бар сабырды, Бір жақ ұртым кетті ісіп. Қарындасым монтиған Мұны анықтап көрмейді. — Ұртыңдағы томпиған Кәмпитіңнен бер!— дейді. Өлең не туралы айтылған? Енді сізді қандай тосын сый күтіп тұрғанын білдік пе?. Тосын табу үшін 2 қадам алға, 3 қадам оңға және т.б. … (балалар тосын сый табады, таратып беру) **Қортынды.** Сендерге тосын сый іздеп, тапсырмаларды орындау ұнады ма? (балалардың жауаптары). **3.Сауат ашу.** **Тақырыбы:**	**жетігенмен таныстыру.** домбыраның құрылысын көрсету арқылы түсіндіру. - Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады.Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады **Сергіту сәті:** Кәне балалар тұрайық аспапқа қол созайық, Қобызды да ойнайық Домбыраны да тартайық Сыбызғыны сызылтып, Билеп-билеп алайық. **Қобызбен таныстыру.** **Жетігенмен таныстыру.** **Дид ойын: «Қай аспаптың үні?»** Шарты: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар естіген әуен қай аспап үні екенін ажыратып сол аспаптыңсуретін көтереді) **Ой қозғау.** **Топқа бөлу.** **Дид ойын: «Бөлігін тап»** **Шарты.** Берілген суреттегі аспаптардың		

	тапсырмасы. **Дид ойын: «Көктемде не болады?»** **Шарты:** Бұл жапырақ бізді табиғатта көктемде не болатынын көруге шақырады. **Тақта №1** Балалар: Төбелерден мұздар тамшылайды. Осы тақырыпта суреттер құрастыру. **Тақта №2** Балалар: Қар еріп жатыр. **Тақпақ айту.** Көктем келді көгілдір, Жыл құстары сайрады. Қар еріді, қыс кетті, Жауқазындар көктеді. **№3 слайд.** Балалар: Гүлдер пайда бола бастады. Дәстүрден тыс, трафарет арқылы гүлдер суретін салу. **№4 слайд.** Балалар: Құстар ұшып келеді. Көктем фонына құстар суретін жапсыру. **№5 слайд** Балалар: Ағаштар бүршік жарды. Ағаш суретіне ермексаздың жасыл түсімен бүршік салу. **Тәрбиеші: Жарайсыңдар!** **Бізде екі жапырақ дайын.** **Тәрбиеші: Үшінші гүл**	**Дыбыстар мен әріптер сыры** **Ой дамыту.** **1-тапсырма.** **Суретпен жұмыс.** **Дид ойын: «Әріптер сыры»** **Шарты:** Берілген сұраққа жауапберіп,тапсырманыорындайды. –Өзіңтұратын жератауының біріншіәрпін тауып көрсет. Балаларкезекпенсұрақтарғажауапбереді Әліпбигеқарапдауыстыдыбыстардыата. Өзаты-жөніңқандайәріптенбасталады? **2-тапсырма. Дид ойын: «Дыбыстық талдау»** **Шарты:**Көк және қызыл шаршылармен талдау жасайды. Суреттегілерді атайды:аққу,гүл,бұзау қонжық.Осысөздергедыбыстықталдаужасайды. Балаларкөкжәнеқызыл түстіңненібілдіретінін естерінетүсіреді. **Сергітусәті** **3-тапсырма** Екі киіз үйдің түтінінің айырмашылығын	бөлігін тауып құрастыру. **1-ші топ.** Домбыраның ішегін ұзыннан салу. **2-ші топ** Жетіген бөлігін тауып жапсыру **3-ші топ** Қобыз бөлігін тауып құрастыру. **Қорытынды.** Білмеспек ұлттық аспаптарымен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.		

	жапырақшаны ашу үшін көктем туралы әңгіме құрастыру керек. Көктемнің белгілерін қараймыз. Барлық суреттерді пайдалана отырып,өз ойымызды айтамыз. **Тәрбиеші: Гүліміз жапырақшасын ашып қалды. Міне, соңғы гүл жапырақшасы** ... Қандай тамаша маусым - көктем. Көктем туралы музыка тыңдағыларың келе ме? **(музыка тыңдау) Музыка ұнады ма? Осы әдемі әуенді тыңдағанда не естідіңдер? Балалар:** Тамшылар шырылдап, мұз айдыны тамшылап, бұлақ сыбдыры, торғайлар қуана сайрап жатыр. **Тәрбиеші:** Балалар, қараңдаршы, біздің гүл жапырақшаларын ашты, оның көңілі көтерілді, өйткені оның қазір достары көп, көктемгі күннің шуағы қалай жарқырайды. **Қортынды**3.**Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы: Э э дыбысы және әрпі.** **Психологиялық дайындық.** Өткен ұоқ еске түсіріп,	табады. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетінін. **4-тапсырма. Дид ойын: «Орнын толықтыр» Метаграммалар оқу Шарты:** Балаларәріптіңжасыры нбөлігінтауыптолықты радыӘріптің дауысты әлде дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Біріншікиізүйдіңтүті-неншыққанәріптердіжә не екіншікиізүйден шыққанәріптердідауыс-тапатайды **Ой қозғау. Топпен жұмыс Балаларды топқа бөлу. 1-топ**. **Дид ойын: «Кім тапқыр?» Шарты:** Биік дуалдан асып түсе алмай жақан әріпті тауып,толық бейнесін салады. Сол әріп кездесетін сөз тауып,сөйлемқұрайды. **2-топ. Дид ойын: «Қандай әріп?» Шарты:** Спортзалдағы әріптің созылған түрін дұрыстап өзпішініне келтіру. Әріптен			

	пысықтау. Өткенде қандай әріппен таныстық? - Ё. Ол қандай дыбыс? - Ё қандай екі дыбыстан тұрады. **Ой дамыту** **АҚТ технологиясымен жұмыс.** электр шамы, элеватор, экскаватор, экспрес суреттерін көрсете отырып, жеке сөздердің мағынасымен таныстыру. Электр – қуат күшінен алынатын жарық. Элеватор - астықты қабылдап алуға, тазартуға, кептіруге, сақтауға арналған астық қоймасы. Экспрес - ірі стансаларға қатынайтын жүрдек пойыз, кеме, автобус. Экскаватор - кен өндірісінде, құрылыста, тас, топырақ, кен қазатын, тиейтін машина. Эскалатор – Жылжымалы баспалдақ. Техника қауіпсіздігі жөнінде айтып түсіндіру. - Электр шамы бізге не үшін керек? - Жарық береді. - Оқу бізге не үшін керек? - Білімді боламыз. - Білімді болсақ, болашағымыз жарық болады.	басталатын сөз ойлапайту.Сөзгедыбыстықталдау жасау. **3- топ**. **Дид ойын: «Кім жылдам?»** Шарты: Қайық шетіне жабысып жатқан дыбысты тауып, қайықпен байланыстырып сөйлем құрату, сөйлемге сызбажасау. **Қортынды** **Сұрақ-жауап** **Балаларды мадақтау**			

	- Дұрыс айтасыңдар! Білімдінің күні жарық, Білімсіздің күні қаріп - деген мақал тегін айтылмаған екен. **Білім тексеру кезеңі** **Дид ойын: «Тапқыр бала»** **Жұмбақ шешу.** Темір жол тірегі, Аспанға керіліп, Сымды ұстап жүреді. (Электравоз) Жіппен келеді, Үзсең сөнеді. (Электр шамы) Диқаншының еңбегін. Қысы - жазы ақтайды, Астықты тазалап, Қай жерде сақтайды? (Элеватор) Жылжымалы баспалдақ, Сатыларын бассаң нақ. Не жоғары, не төмен Сырғимын да жетем мен Көзді жұмып, ашқанша - ақ. (Эскалатор) - Олай болса, айтылған жаңа сөздер қандай дыбыстан басталып тұр?Э - Бүгінгі өтетін тақырыбы- мыз Э э дыбысы мен әрпі. б) Э дыбысы қандай дыбыс екенін анықтау. 1. Хормен әндетіп айтқызу. (- э - э - э) э - ле - ва - тор экс – ка - ва - тор Э - ки - паж э - ко - ло - ги - я эс - ка - ла - тор				

	3. Э - дауысты дыбыс, сөздің бірінші буынында кездеседі. 4. Оны қалай ажырата алдыңдар? Дәлелде. (Дыбысты айқанда ауа еш кедергіге ұшырамай, ұзақ айтылып тұр. Оқулықта қызыл түспен берілген, буын құрайды. - Ендеше, э әрпін дауыстылар қатарына салайық.(Әріптер салған қалтаға салу.) **в) Дыбыстық талдау жасау.** 2 Буын санын анықта ------ Экс - кур - си - я (4 буын) 3 Әріп санын анықта ----------9 әріп 4 Дыбыс санын анықта ----------10 дыбыс 5 Неше дауысты дыбыс бар------- 4 дауысты дыбыс 6 Неше дауыссыз дыбыс бар -----5 дауыссыз дыбыс Экран сөзіне дыбыстық талдау. Э - дауысты дыбыс, жіңішке к - дауыссыз дыбыс р - дауыссыз дыбыс а - дауысты дыбыс, жуан н - дауыссыз дыбыс Экран - 2 буын, 5 әріп, 5 дыбыс, г) **Сергіту сәті.**				

	Ұзын мойын, Экскаватор - Алып машина Жер қазып жатыр. (Қимылмен көрсетемін, балалар қайталайды) **Дид ойын: «Буын бөлігін тап»** **Шарты:** Буындардың әр бөлігін тауып құрастыру. **Қорытындылау.** Сұрақ-жауап - Э қандай дыбыс? - Э сөздің қай жерінде жазылады. **Балаларды мадақтау.** **Балаларды мадақтау.** **4.Музыка** (нұсқаушысының жоспары бойынша)				
Серуенге дайындық 11.30-11.40	**Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.** **Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен:11.40-12.30	**Серуен № 1** Гүлдейтін ағаштарды бақылау.	**Серуен № 2** Құстарды бақылау.	**Серуен № 4** Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау		
	Көктем серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.				
Серуеннен оралу 12.30-12.40	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 12.40-13.10	**ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз**				
Ұйқы 13.10-15.10	**Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.**				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары 15.10-15.30	**№5.** Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.	**№6** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.	**№ №7.** Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.		
	Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген				
Бесін ас 15.30-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)16.00-16.40	**Дид ойын: «Құстар қалай дауыстайды?»** Қарға------ қарқылдайды Сауысқан-----шақылдайды Тоқылдақ --------тоқылдайды Бұлбұл – сайрайды Қаз – қаңқылдайды. Торғай – шиқылдайды. Көкек – көкектейді. **Дид ойын: «Топтастыру»** **Шарты:** Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру.	**Өзекті сұрақ:** Жануарлар адамға не үшін қажет?Не береді? Тірек сызбамен жұмыс. **Топтық жұмыс.** **Балаларды 2 топқа бөлу.** **1 – топ: Дид ойын: «Жануарлардың төлдерін тап»** Шарты: (суреттен уй жануарларын төлдерын сәйкестендіреді) **2 – топ: Дид ойын: «Жануарларды мекеніне орналастыр»**	**Дид ойын: «Сан тастамақ»** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау **0,1..10, 10,9 – 1,0.** Екі тілде санау. **Суретпен жұмыс.** **Дид ойын: «Үйдің жанында не орналасқан»** **Дид ойын: «Бос орынға тиісті пішінді сал»**		
Жеке баламен жұмыс	Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу.	Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.	Алхат Нұрдосжануарлар-ды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау.		

Кешкі ас 16.40-17.00	Тамақ үстінде тәртіп сақтап отырып,асықпай тамақтандыру. Ас қайыруды айтқызу.				
Серуенге дайындық 17.00-17.30	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен 17.30-18.00	**Серуен № 1** Гүлдейтін ағаштарды бақылау.	**Серуен № 2** Құстарды бақылау.	**Серуен № 4** Жәндіктердің алғашқы жануын бақылау		
	Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген				
Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.		

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: №4 «Балапан» мектепалды топ.

Балалардың жасы: 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 26.03 – 29.03.2024ж

Күн тәртібі		**Сейсенбі** Дене шынықтыру Көркем әдебиет Математика негіздері Қазақ тілі	**Сәрсенбі** Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Сауат ашу негіздері Музыка	**Бейсенбі** Дене шынықтыру Көркем әдебиет Математика негіздері Мүсіндеу Құрастыру/1 Қазақ тілі	**Жұма** Дене шынықтыру Сауат ашу негіздері Қоршаған орта Сурет салу/2 Жапсыру/4
Балалардықа былдау 08.00-08.30	Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп, к**өңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу	Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,		**Картотека №9** **Дид ойын: «Өзім және отбасым»** **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	**Картотека № 19** **Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»** **Мақсаты:** балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.	**Картотека №8** **Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	**Картотека №26** **Дид ойын:** **Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.

кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан**				
Таңертенгі Жаттығу 08.30-09.00	**Наурыз айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.** **Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	**Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,** Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру Бала үні.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет 09.00-11.30		**1.Сауат ашу.** **Тақырыбы: Щ щ дыбысы.** **Ой дамыту** **Ережені күнделікті талдау жұмысына сүйене отырып еске түсіру.** - Әріп деген не? - Әріпті жазамыз, көреміз. - Дыбыс деген не? - Дыбысты айтамыз, естиміз. - Буын деген не? Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. **Миға шабуыл** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** Жұмбақ шешу Тазартады киімді.	**1Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: Үш аю** **Миға шабуыл** Дид ойын: «Кім тапқыр?» **Жұмбақ жасыру:** Қыс бойына жатады Тәтті ұйқыға батады. **(аю)** -Дұрыс айтасыңдар, аю. **Ой дамыту** **Суретпен жұмыс** Аюдың екі түрі болады.	**1.Математика** **Тақырыбы: Кеңістікті бағдарлау** **Шаттық шеңбері.** **Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»Бір шаңырақ астында,** **Тату –тәтті тұрамыз.** **Бірге ішеміз асты да,** **Бірге сайран құрамыз.** **Ой дамыту.** **АКТ көрсету.** **Балаларға кеңістік туралы түсінік беру.** **1.Салыстыру.** **Үлкен – кіші ұғымы.** **Дид ойын:**	**1.Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** Қайталау. **Қызығушылықты ояту.** **«Қонаққа барамыз».** Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді. **«Үй иелері»** қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет. **«Қонақтар»** тобы сыпайы жауап

		Тазартады үйіңді. Не дейді бұл бұйымды? (Щётка) - Балалар щетка сөзінде таныс емес дыбыс бар ма? (Щ ды-бысы). Щётка тұрлеріне қарай топқа бөлу: **1-топ: «Киім щёткасы»** **2-топ: «Тіс щёткасы»** **3-топ: «Шаң щёткасы»** **Ой қозғау** Тапсырма: 1-топ: «Щ» дыбысы қандай дыбыс? Неге? 2-топ: Щёткаңың қандай түрлері бар? Қызметтері қандай? 3-топ: «Щ» дыбысы бар сөздер айту. «Щ» әрпінің баспа, жазбаша түрін көрсету. Щ дауыссыз дыбыс. Айтылу ерекшелігіне қарай Ш дыбысына ұқсайды. Щ сөздің басында, ортасында, соңында келеді. Көбінесе басқа тілден енген сөздерде кездеседі. Щ әрпі жазылу жағынан Ш әрпіне ұқсайды. Щ әрпі 4 элементтен тұрады.(3 ілмек,1 ілгек) Щ-негізгі және жоғарғы қосымша жолға жазылады. щ- негізгі жолға жазылады. **Сергіту сәті** Тазалық сақшысы Айнаға қараймыз Иіс сабын, орамал Шашты да тараймыз	Ақ аю-мұзды, қарлы жерде өмір сүрсе, қоңыр аю-орманда өмір сүреді. Аюдың терісі, еті бағалы, майының емдік қасиеті бар. Аю бал жейді, балық аулап, жидектер теріп, құстарды аулап жейді. Аю қыс бойы ұйқыда жатады. **Сұрақ-жауап** -Аю қандай жануарға жатады? Ол қалай жүреді. -Аю қандай ертегілерде кездеседі? -Бауырсақ, үйшік, маша мен аю, үш аю ертегісінде. **АҚТ технологиясымен жұмыс** **Үнтаспадан «Ертегілер елінде» әні ойнайды.** Аюдың дауысы. **Тосын сәт**. Қонаққа үш аю шығады, амандасады. **Үш аю:** Сендерге өзіміз туралы ертегіні және ойындарымызды ала келдік. Біз ыдыстарымыз бен жиһаздарымызды шатастырып алдық, соны реттеуге көмектесесіңдер ме? Балалар: Иә, көмектесеміз.	**«Аңдардарды үйлеріне орналастыр»** **-Мына үйлер қандай?** **-Үлкен үй неше қабатты?** **- Демек үлкен үйде қандай аң тұрады?** **-Ортаңғы үйдің аңын тауып бер?** **-Кішкентай үйде не тұрады?** **2.Алға –артқа, оңға -солға ұғымынтүсіндіру. Сюжетті суреттермен жұмыс.** **Сергіту сәті. Аудиомен** **3. Миға шабул.** **Логикалық тапсырма** **-Жол ұзын ба, қысқа ма?** **Қол ұзын ба, қысқы ма?** **-Қасық ұзын ба, қысқа ма?** **Асық ұзын ба, қысқа ма?** **-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?** **-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?** **-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?** **Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»** **Шарты: Пішіндермен жұмыс.** **Кеңістікті бағдарлау.** **Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл.** **Қортындылау** **Дид ойын: «Сиқырлы жолдар»** **Шарты: Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру.** **Балаларды мадақтау.** **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Құмырсқа мен	қайтарады. **Ой дамыту.** Балаларды топқа бөлу Қызыл, сары, жасыл доптар **І-топ. Төр бөлме.** **Дид ойын: «Ойлы болсаң, озып көр»** Шарты: Берілген сөздерге сөйлем құрау. **ІІ –топ Асхана бөлмесі** **Дид ойын: «Жүйрік болсаң, озып көр!»** **Шарты:** Берілген әріптерге сөз айту. Тағамдарды қатыстырп сөйлем құрау **ІІІ-топ жатын бөлме** **Дид ойын: «Жиһаздар»** **Шарты:** Ұяшықтар таңдап, шыққан жиһаздардың бөлігін табу, жиһаз қай әріптен басталып тұрғанын айту. **Қортынды** **Балаларды мадақтау.** **3.Қоршаған орта** **Тақырыбы:** Орман дәрігері.Ертегі. **Қызығушылықты ояту**. **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі.

		Қасында пастасы Ас ішіп болған соң Щеткасы тағы бар Мектепке барамыз. **Дид ойын: «Балық аулау»** Шарты: Аквариумнан балықтар аулау. Әр балық ауланған сайын ащы, тұщы, щетка, сөздеріне сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау. **Қортынды** **Сұрақ-жауап** Біз бүгін қандай дыбыспен таныстық? Ол қандай дыбыс? **Мадақтау** **2.Математика** **Тақырыбы:**Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. **Ашық сұрақтар әдісі.** Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем -Көктем мезгілінде неше ай бар? - 3 ай -Наурыз, Сәуір, Мамыр. -Балалар бір аптада неше күн бар? -Жеті күн -Балалар, біз апта туралы қандай тақпақ білеміз? Аптпа деген ағайдың, Жеті бірдей ұлы бар Біріншісі Дүйсенбі Екіншісі Сейсенбі Үшіншісі Сәрсенбі Төртіншісі Бейсенбі	**Ой қозғау.** **Дид ойын: «Жиһаздар мен ыдыстар»** Шарты : Ыдыстар мен жиһаздарды ретімен қою Қане Аюларға ыдыстар мен жиһаздарды жинауға көмектесейік. Үлкен аю қандай ыдыстан тамақ ішті? **Ой дамыту** Ертегі желісін сурет арқылы түсіндіру. Ертегі желісінен сұрақ-жауап арқылы балалардың қабылдау қабілетін тексеру. -Неліктен үш аю деген? -Аюлар қандай? -Олар қайда өмір сүреді? -Маша аюлардың үйіне қалай барды? -Ол үлкен ыдыстардан неліктен тамақ іше алмады? **Дид ойын: «Аюларды ретімен ата»** **Шарты:** үлкен-кіші ұғымдар бойынша атау **Қортынды** Мнемо кесте арқылы ұоқ қортындылау. **Балаларды мадақтау.** **3.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы: Дыбыстар сыры**	көгершін. **Ой дамыту.** **Мнемотехника** «Көктем» **Миға шабул.** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** 1.Бейбітшілік құсы деп, Атайды оны барша жұрт.(көгершін) 2.Бір палуан өзі күшті, қайраты мол, Өзінен үлкен затты көтерер ол. Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе, Қайқаңдап аса берер бәрінен де ол. (Құмырсқа) Балалардың жауаптары. **Ой дамыту.** «Құрмысқа мен көгершін» деген әңгімесін слайд арқылы көрсетіп айту. Көгершін,құмырсқамен таныстыру. **Ой қозғау.** **Сұрақ-жауап** **-**Әңгіме қалай аталады? -Құмырсқа мен көгершін бір-біріне қандай көмек көрсетті? -Құрмысқа қандай жәндік? -Көгершін қандай құс? -Көрдіңдер ме,балалар,екеуі бір-біріне көмек көрсетіп,осындай ауыр сәтте қиындықты бірге жеңіп шықты.Ендеше сендер де, балалар,бір-бірлеріңе мейірімді, қайырымды болып өсулерің керек. **Дид ойын: «Құстарды ажырат»**	Көрік берген далама, Білер оны бар бала. **(Ағаштар)** **Сұрақ – жауап.** **1. Ой қозғау.** Ағаштар және орман туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап. -Қазір қандай мезгіл? -Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр? -Ағаштар бізге не үшін қажет? -Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді? -Неге ну орман дейміз? **2. Ой дамыту.** -Ертегіні мәнерлеп оқу. -Ертегі желісін түсіндіру. -Терек қандай ағаш? -Неліктен ауырды? -Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді? -Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру. **Сөздік жұмыс:** Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады. **Сергіту сәті.** «Қазым, қазым қаңқылда» **3. Миға шабуыл.** -Ертегі желісінен сұрақ – жауап.

		Жұма деген бесінші ұл Алтыншы ұл ол сенбі Жетіншісі Жексенбі. Өте жақсы! Балалар. **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт** Есік қағылып топқа Дымбілмес сиқырлы сандықпен кіреді Сәлеметсің бе, Дымбілмес! Ал мынау қолыңдағы не? Бізге сыйлық әкелдің бе? **Дымбілмес**: Жоқ, бұл ма бұл (мұңаяды) Мен тек кәмпит жегенді, ойнағанды ұнатамын. Сабақ оқығым келмейді. Мына сандықтың аузын ашайын десем ашылмайды. Дымбілмес бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық. Бұл сандықтың аузы кілтпен емес, біліммен ашылады. Бұл – білім сандығы. Ал мына сандықтың үстіндегі хатты көрдің бе? **Дымбілмес:** Ия, маған досымнан хат келді,жауабын шеше алмадым.Сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар көмектесеміз ба? **Балалар:** Ия. Олай болса, дымбілмеске көмектесейік! **1-Тапсырма** **Дид ойын: «Аюларға көмек»** -Ал енді дымбілмес сен аюдың қалай жүретінін білесің бе? -(Ия, қояншa	**Ой дамыту.** **1-тапсырма.** Суретпен жұмыс. **Дид ойын: «Әріптер сыры»** **Шарты:**Берілген сұраққа жауапберіп,тапсырманы орындайды. –Өзіңтұратын жератауының біріншіәрпін тауып көрсет. Балалар кезекпен сұрақтарға жауап береді Әліпбиге қарап дауысты дыбыстарды ата. Өз аты-жөнің қандай әріптен басталады? **2-тапсырма.** **Дид ойын: «Дыбыстық талдау»** Шарты:Көк және қызыл шаршылармен талдау жасайды. Суреттегілерді атайды: аққу,гүл,бұзау, қонжық. Осы сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Балалар көк және қызыл түстің нені білдіретінін естеріне түсіреді. Сергітусәті **3-тапсырма** Екі киіз үйдің түтінінің айырмашылығын табады. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетінін. **4-тапсырма.**	**Мақсаты:** Балаларды үй құстары мен дала құстарын ажыратады. **Қорытынды.** Балалар қандай әңгімемен таныстық? -Әңгіме не жайында болды? Балалардың жауаптары. Мадақтау.	**Дид ойын: «Ертегі құстары»** **Шарты:** Берілген суреттерден ертегіден кездескен құстарды айыру. **Қортынды** **Дид ойын:«Қызықты викторина»** Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың . **(Әтеш)** Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? **(Қарлығаш)** Қай құс өзінің атын қайталайды? **(көкек)** Қандай құс хат тасушы атанған**? (көгершін)** Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек) Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? **(Бүркіт)** Құстың негізгі мекені? **(Ұя)** Балаларды мадақтау. 1.Математика Тақырыбы: Кеңістікті бағдарлау Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ой дамыту. АКТ көрсету.

		секіреді) -Балалар аю осылай жүре ме? -Жоқ. Олай болса аюдың жүрісін салайықшы. **Суретпен жұмыс** -Балалар осы аюлардың көлемдері қандай? (үлкен, орташа, кішкентай) -Балалар осы аюларға бал салып жейтін ыдыстарын табуға көмектесейік. (балалар тиістісін қояды) Өте тамаша! Балалар сендер бұл ұғымды біледі екенсіңдер. **2-Тапсырма** **Дид ойын:«Ретін тап»** **Шарты:** Адасып қалған вагондарды ретімен орналастыру. (1ден- 5 ке дейін) Вагондардың артындағы логикалық сұрақтарға жауап беру. Сандарды ауада жаздыру. Карточкамен жұмыс. Заттар мен сандарды сәйкестендіру. **3-Тапсырма** **Дид ойын: «Аңдарға үйшік жасау»** Пішіндерден аңдарға үйшік құрастыру. **Сергіту сәті:** Оң қолымда 5 саусақ, Сол қолымда 5 саусақ 5-ке 5- ті қосқанда Болып шықты 10 саусақ	**Дид ойын: «Орнын толықтыр»** **Метаграммалар оқу** **Шарты:** Балалар әріптің жасырын бөлігін тауып толықтырады. Әріптің дауысты әлде дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Бірінші киіз үйдің түтінен шыққан әріптерді және екінші киіз үйден Шыққан әріптерді дауыс-талдайды **Ой қозғау.** Топпен жұмыс Балаларды топқа бөлу. **1-топ**. **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Шарты:** Биік дуалдан асып түсе алмай жақан әріпті тауып,толық бейнесін салады. Сол әріп кездесетін сөз тауып,сөйлемқұрайды. **2-топ.** **Дид ойын: «Қандай әріп?»** Шарты: Спортзалдағы әріптің созылған түрін дұрыстап өзпішініне келтіру. Әріптен басталатын сөз ойлапайту.Сөзгедыбыстықталдау жасау. **3- топ**. **Дид ойын: «Кім жылдам?»** **Шарты:** Қайық шетіне жабысып жатқан әріпті		Балаларға кеңістік туралы түсінік беру. 1.Салыстыру. Үлкен – кіші ұғымы. Дид ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр» -Мына үйлер қандай? -Үлкен үй неше қабатты? - Демек үлкен үйде қандай аң тұрады? -Ортаңғы үйдің аңын тауып бер? -Кішкентай үйде не тұрады? 2.Алға –артқа, оңға - солға ұғымынтүсіндіру. Сюжетті суреттермен жұмыс. Сергіту сәті. Аудиомен 3. Миға шабул. Логикалық тапсырма -Жол ұзын ба, қысқа ма? Қол ұзын ба, қысқы ма? -Қасық ұзын ба, қысқа ма? Асық ұзын ба, қысқа ма? -Алма үлкен бе, түйме үлкен бе? -Аю үлкен бе, қоян үлкен бе? -Шаш ұзын ба, қас ұзын ба? Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»

		4-Тапсырма **Дид ойын:«Кім тапқыр»** Математикалық жұмбақтар шешеміз. 1.Бір алма берді анасы «Аз» деп тұр оны баласы Екеуін тағы беріп еді Нешеу болды ойланшы. 2.Далада жүр төрт түйе Қосылды тағы бір түйе Жалпы саны түйенің Болды, неше есепте? 3.Айманда болды 5 алмұрт Әселге берді 2 алмұрт Айманның қалды қолында Неше алмұрт тез ойла 4.Далада тұр екі ешкі Қорада тұр екі ешкі Болды барлығы неше ешкі. **Дымбілмес:** Ой, балалар, бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар. Ақылды, білімді екенсіңдер.Мен сендердің көмектеріңнің арқасында көп нәрсені үйрендім. -Балалар, қараңдаршы, тапсырманы дұрыс орындағандықтан сиқырлы сандықтың аузы ашылды. Ішінен сиқырлы сандар щығады. балаларға таратады. **Дид ойын: «Тура кері санау»** **Шарты:** Сандарды дұрыс санау. **Қорытынды.** -Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметімізге кім келді?	тауып,қайықпен байланыстырып сөйлем құрату, сөйлемге сызба жасау. **Қортынды** **Сұрақ-жауап** **Балаларды мадақтау.** **4.Қазақ тілі** **Мнемотехника тәсілімен.** **Тақырыбы: Қайдан келдің бауырсақ** **Мақсаты: Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттайды.** **Ресурстар: Дидактикалық материалдар.** **Әдіс-тәсілдер:4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.** **ҰОҚ жүргізілу барысы** **Пед жет ойын: «Жүрек жылуы»** **Шарты: Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді** **Ой дамыту.** **Ө.Тұрманжанов «Қайдан келдің бауырсақ?» мнемотехника тәсілімен түсіндіру,**		Шарты: Пішіндермен жұмыс. Кеңістікті бағдарлау. Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл. Қортындылау Дид ойын: «Сиқырлы жолдар» Шарты: Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру. Балаларды мадақтау.

		-Дымбілмес неге келді? -Дымбілмеске қандай тапсырмалар орындап көмектестік. Өте жақсы, балалар , біз көптеген тапсырмаларды орындадық. Барлығыңызда жақсы қатысқандарың үшін жұлдызшамен марапаттаймын. .	**өлең жолдарын жаттау.** **Сергіту сәті:** **Нан қиқымын шашпаңдар** **Жерде жатса баспаңдар** **Теріп алып қастерлеп** **Торғайларға тастаңдар** **Балаларды 3 топқа бөлу.** **Оқу ортасы арқылы саралау.** **Құрлымдалған ойын: «Қайдан келдің бауырсақ?»** **Шарты: Бауырсақтың қайдан келгенін ретімен қойып шығу.** **Бірінші болған топқа жұлдызша беру, 2ші топқа күн беру, 3ші топқа смайлк беру.** **балаларды мадақтау.** **4К моделі, бала үні.жаппай бақылау.** **Сұрақ- жауап:** **Қандай өлеңді тыңдадыңдар?** **ҰОҚ қорытындылау.** **Балаларды мадақтау**		
Серуенге дайындық 11.30-11.40	**Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.** **Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен: 11.40-12.30	**Картотека №15** Бақбақтың өсуін бақылау	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.	**Картотека №18** Құстардың ұшып келуін	**Картотека №19** Қараторғайларды бақылау.	**Картотека №20** Ұяларды бақылау.

			бақылау		
	Көктем серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.				
Серуеннен оралу 12.30-12.40	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 12.40-13.10	**ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз**				
Ұйқы 13.10-15.10	**Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары 15.10-15.30	**№ 3** «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	**№4.** Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	**№5.** "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау	**№6.**арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	**№7.**«Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
	Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген				
Бесін ас 15.30-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітапт арқарау және	**Логикалық есеп жұмбақтар:** 1. Бес алманың үшеуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалады.? (екі) 2. «5» алған балаға 5 алма, «4» алған балаға 4 алма. «3» алған балаға 3 алма. «2» алған балаға неше алма? (екі)	**1-тапсырма**: **Қандай пішін шықты ?** Мақсаты:Таяқшалардан таныс пішіндер құрастыру. **2-Тапсырма**:**Қандай мезгіл?Қай уақыт?** Мақсаты.Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты:Балаларға тәулік мезгілдері жыл мезгілдері	**Табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру.** 1. Орман, тоғай ішінеде қатты айғайлауға, шулауға болмайды. Аңдар мен құстарды үркітіп аламыз. 2. Бұта мен ағаш бұтақтарын сындыруға болмайды.	**Су жайлы видео ролик қараймыз** Балалар ал сендер білесіңдер ме су қайдан, қалай пайда болатынын? (балалардың жауаптары тыңдалады) Дұрыс айтасыңдар. Ендеше мен сендерге толығырақ түсіндіре кетейін. Су өмір	**АКТ көліктер.** Қазір көліктердің түрлері өте көп оларды бірнеше топқа бөлуге болады мысалы:суда жүзетін,жерде жүретін,әуеде ұшатын және жер асты

тағы басқаәрекеттер)16.00-16.40	3. Бес бұтақты шыршада, Бұтақ сайын екі алма. Біреуін бер досыңа, Сонда қалмақ неше алма? (шыршада алма өспейді) 4. Қолымды 1 алма, табақта 2 алма, Қосқанда барлығын болады неше алма? (үш) 5. Бөлменің 4 бұрышы бар, Әр бұрышта 1 мысықтан отыр, Барлығы неше мысық? (төрт) 6. Жанып тұрған 4 майшамның 2-үі сөніп қалды. Сонда неше майша қалды? (екі) **Дид ойын: «Түстер палитрасы»** **Шарты:** Қатырма қағазға қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр дөңгелектер қиылған. Осылардың ішінен бағдаршамның түстерін табу. Сұрақтар қою.	туралы суреттер беріп ажыратуды үйрету. **3-тапсырма: Не қайда?** Мақсаты:Кеңістікті бағдарлауды үйрету. Шарты:Слайд бойынша сұрақтар қою. Жоғарыда не бар? Қыздың жанында не бар? **Логикалық сұрақтар.** 1.Қолда қанша саусақ бар? 2.Машинаның неше дөңгелегі бар? 3.Қоянның неше құлағы бар? 4.Сиырдың неше құлағы бар? 5.Бағдаршамның нше көзі бар? 6.Піл үлкен бе,тышқан үлкен бе? 7.Қоян жүйрік пе,тасбақа жүйрік пе? 8.Аспанда қанша жұлдыз бар? 9.Аспанда күн нешеу,ай нешеу? 10.Тау үлкен бе,тас үлкенбе? Балаларды мадақтау	3. Гүлдерді жұлуға болмайды. Қызылғ жасыл гүлдерге сүйсіне қарау керек. 4. Алау жағуға болмайды. Өрт шығу қаупі бар. 5. Балық аулап, оны үйге алып қайтуға болмайды, сонымен қатар, көбелек, құс олардың балапандарын аулауға болмайды. Жануарлардың балаларына тиісуге болмайды. Олар қорғансыз екенін естен шығармауға болмайды. 6. Орман, тоғай ішінде қоқыстарды тастама. Жануарлар темір банкі, сынған құмыраларды басып, аяқтарын жарақаттайды. 7. Жәндіктерді аяғыңмен басып жаншыма, таптама.	бойы айналымда болады. Ол жаңбырмен жерге түседі, арық болып ағып, өзенді құрайды, ал содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жербетіне жаңбыр болып, қайта оралады. Жаңбырдан аққан кішкентай сула рбірігіп, жылғалар болып, үлкен теңіз құрайды. **Табиғаттағы судың айналымы туралы сызба-нұсқасы** 3.Ал, енді сендермен бірігіп бірнеше тәжірибелер жүргізіп көрейік. **І Тәжірибе «Су — мөлдір»** ● Балалардың алдына екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін, қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Суы бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді. Яғни, «Су – мөлдір, сүт мөлдір емес». ● Балаларға бояу беріп, судыңда түсін өзгертуге болатынын да тәжірибе жүзінде біледі.	көліктері. **Жерде жүретін көліктерге:** Жеңіл көлік,велосипед, пойыз, автобус,троллейбус, жүк көлігі. **Әуеде ұшатын көлік түрлеріне:** Ұшақ,тік ұшақ,зымыран. **Суда жүзетін көлік түрлеріне:** Кеме,қайық жатады. **4.Дидактикалық ойын: «Сиқырлы текше»** Шарты: Текшенің қолына ұстап лақтырады. Көліктің қай түрі түссе, көліктің атауын атайды, не үшін қажет екенін айтады.

Жеке жұмыс	Алхат Нұрдос ссөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін ішінара буындарға бөледі, саны мен ретін анықтайды	Нұрланова Айзере мен Аққайыр Жанельге тазалық туралы үйренеді.. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Нұрлан Абдурахман қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды	Берік Аңсаркөп және біреу қатынастарын біледі, заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады.	Жанболат Әминаны екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі; өз ойын айта алады.
Кешкі ас 16.40-17.00	Тамақ үстінде тәртіп сақтап отырып,асықпай тамақтандыру. Ас қайыруды айтқызу.				
Серуенге дайындық 17.00-17.30	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу				
Серуен 17.30-18.00	**Картотека №15** Бақбақтың өсуін бақылау	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.	**Картотека №18** Құстардың ұшып келуін бақылау	**Картотека №19** Қараторғайларды бақылау.	**Картотека №20** Ұяларды бақылау.
	Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген				
Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30	Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту Балалардың сұранып үйге қайтуы				

Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Ертөстік» мектепалды топ.

Балалардың жасы: 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 01.04– 05. 04.2024ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Қоршаған ортамен таныстыру Музыка	**Сейсенбі** Сауат ашу негіздері Математика негіздері Мүсіндеу	**Сәрсенбі** Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Сауат ашу негіздері	**Бейсенбі** Көркем әдебиет Математика негіздері Музыка	**Жұма** Дене шынықтыру Қазақ ттілі Сауат ашу негіздері Математика негіздері Қоршаған ортамен таныстыру
Балаларды қабылдау 07.30-08.00	Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп, к**өңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу	Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу				

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқ арау және тағы басқаәрекеттер)	**Картотека № 25** **Дид ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат»** **Мақсаты:** Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсінеді, олардың атауларын атай алады.	**Картотека №9** **Дид ойын: «Өзім және отбасым»** **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	**Картотека № 19** **Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»** **Мақсаты:** балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.	**Картотека №8** **Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	**Картотека №26** **Дид ойын: Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгі Жаттығу 08.00-08.20	**Сәуір айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.** **Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас 8.20-8.45	**Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,** Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру Бала үні.				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 8.45-9.00	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Білімберу ұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылғаніс-әрекет 09.00-10.10	**1. Дене шынықтыру (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Көктем гүлі **Қызығушылықты ояту.** Балалар,бүгін күн қандай тамаша! -Күн сен неге күлімдейсің? Көктем келді. Жаңбыр сен неге сіркірейсің? Көктем келді. -Гүлдер неге жайнайсыңдар? Көктем келді Құстар неге сайрайсыңдар? Көктем келді. Әрине,көктем келді. -Ендеше жылдың қай мезгілі? Б: көктем **Ой дамыту.** Іздеп-іздеп не керек? Таптым бір гүл керемет	**1.Математика** **Тақырыбы:** «Көрікті гүлзар» **Қызығушылықтарын ояту** **Қим ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру:** Су құйсаң болды Кетеді бойлап Әдемі жұпар, Не? Көрші ойлап?! Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты. **Ой дамыту.** АҚТ технологиясымен жұмыс **Көшеге саяхат** **Ой қозғау:** Гүлзар қандай? Гүлзар неге ұқсайды?	**1.Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **2.Қазақ тілі.** **Тақырыбы:** Ақұштап Бақтыгереева ның «Гүл ектік» өлеңін жаттау **Дид ойын: « Ненің дауысы»** **Шарты:** Дыбысты ажырату. Балалар, бұл ненің дыбысы естіледі? Балалар: құстардың дыбысы естіледі. Құстар қай мезгілде жылы жақтан бізге ұшып келе бастайды? -Ендеше, қазір бізде қандай жыл мезгілі? - Көктемде табиғат қандай болады? - Бүгін ауа –райы	**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Өсімдік әлемі **Қызығушылықтарын ояту** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру** Қолы жоқ, аяғы жоқ-қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды? Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты. **Ой дамыту:** Суретпен жұмыс Балалар өсімдіктер қайда өседі? Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? Өсімдік өсу үшін не керек?	**1.Дене шынықтыру** Педагог жоспары бойынша **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** Дауысты, дауыссыз дыбыстар **Қызығушылықты ояту.** «Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады. **-** Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. **Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа,**

